«Ұйқыдан ояну және сергіту» Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар	15:10 - 15:40	1.Керуеттегі жаттығулар Ояну жаттығу. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) - «Күн оянады» - арқада жатып. Шынтаққа көтерілу, басты оңға –солға бұру. - «Күн оянады» - арқада жатып. Тізені қолмен құшақтау, оңға солға бұралу. - «Күншуақты жаттығу» - арқада жатып. Алдымен қолды, содан соң аяқты жоғары –төмен көтереді. - «Күн көтеріледі» - іште жатып, қолдары шынтағынан бүгілген. Аяқты төсектен көтермей, түзу қолдарына көтерілу. - «Мен – үлкен күнмін» - төсек жанында тұрып. Қолдарын айналдырып көтеру, керілу, өкшеге тұру. 6-7 рет 2.Керует жанындағы жаттығулар «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді. Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. Төмен, төмен, төменге - балалар тізе бүгіп отырады, басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. Керемет, керемет - Балалар тұрып алақан соғады. Күлімдейді күн. Қол белде, оңға-солға бұрылу. 7-8 рет				

		3.Шынықтыру шарасы. Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру. 4.Демалуды қалыпқа келтіру Тыныс алу жаттығу. Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах.				
«Ас дәмді болсын» Бесін ас.	15:40 - 16:10	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет.	16:10 - 16:40	Дидактикалық ойын : «Киімдерін тап» Мақсаты: Ойлау қабылетін, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту	<u>Вариативтік компонент</u> «Жол тәртібін білейік» Тақырыбы: Мен жаяу жүргіншімін Мақсаты: Бейтаныс адамдармен подъезге немесе лифтіге кіруге болмайтындығын түсіндіру. Бейтаныс адамды байқаса қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	<u>Вариативтік компонент</u> «Денсаулық әліппесі» Тақырыбы: Тыныс алуды дамытуға арналған жаттығулар Мақсаты: Балалардың күн тәртібі туралы білімдерін кеңейту. Күн тәртібін жүйелі орындаудың денаулықты нығайтудағы маңызын түсіндіру. Ұйқының адам денсаулығы үшін маңызы туралы ұғымдарын кеңейту. Ұйқы күн тәртібінің құрамды бөлігі деген түсінік қалыптастыру.	<u>Вариативтік компонент</u> «Жас зерттеушілер» Тақырыбы: Табиғат және біз.Мақсаты:. Балаларды табиғат құбылыстарының біртүрі-желмен таныстыру, адам өміріндегі алатын орны және оның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту	. Әңгіме құрастыру «Әжең туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: баланың сөздік қорын жақын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту
		Құрылыс ойындары «Қуыршақтарға үй	Жеке жұмыс Дарын мен Батыр	Балалармен жеке жұмыс Айсұлтан	Балалармен жеке жұмыс Бейбарыс	Балалармен жеке жұмыс Мансур

сәйкес жеке жұмыстар.		кұрастырамыз». «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру	«р» дыбысы қатысты бар сөздерді үйрету.	Ермексазды жұлып бірнеше бөлікке бөлуге үйрету- түстерді ажырату, есте сақтауға үйрету	Суреттің шетіне шықпай бояту. мақсаты: қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Заттық суреттер-Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.
Кешкі ас	16-40-17-00	Ас адамның арқауы				
Серуенге дайындық.	17-00-17-10	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары	17-10-18-00 -	№20 «Ұстап ал» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойының	№21 «Кім кетті» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін артырып,байқампаздыққа тәрбиелеу.	№22 «Күн мен түн» Мақсаты: Балалардың зейінін қалыптастыру. Ойлау қабілетін арттыру.	№23 «Қасқырлар мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу..	№24 « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.
Серуеннен оралу.	18-00-18-10	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	18:10 - 18:30	Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.	«Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың бейімделу кезеңінде психологиялық денсаулығын сақтау» ата-аналарға арналған кеңестер	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру.	Бірге істейік «Ойыншықтарды жинастыру Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайту

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: __Бакытова Ш.У

ЦИКЛОГРАММА
II-апта (11.10.2021-15.10.2021 ж.)
 Мектепалды даярлық «Бұлбұл» тобы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
Тақырыпша: Біздің көше

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 11.10.2021ж	Сейсенбі 12.10.2021ж	Сәрсенбі 13.10.2021ж	Бейсенбі 14.10.2021ж	Жұма 15.10.2021ж
	8:00 - 8:45	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Біздің көше туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
		«Қай зат кімдікі» Мақсаты: Берілген отбасы мүшелерінің суреттерінің тұстарына балалар өзіне тиесілі заттарын алып жанына қояды	«Жылулық лебізі» Балалар бәріміз жулулық шеңбер құрып, атаналарың сендерге қандай жылы сөздер немесе еркелетіп айтатын сөздерін айту керексіндер	Саусақ жаттығу. Құстар қанат қағады Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ деп ән салады.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Отбасы мүшелерін ата: Отбасы мүшелерін айта отырып балаларға суреттерін көрсету.
		Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6мин Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	8:45 - 9-10	Ойын- жаттығу Орманда кірпі келеді, Саңырауқұлақ тереді. Кездесті, міне, керегі: Екеуі қайың астынан. Біреуі терек қасынан. Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке? Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу. Бата: Асқа адалдық, Басқа амандық Денге саулық берсін! Аумин !				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	9:10 - 9:15	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		Құрылыс ойыны: «Менің көшем»	«Бағдаршамды құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін,	«Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдірін көтеріп	«Танып ал да, атын ата»	«Қажетті түсті тап» ойыны

		Мақсаты: балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материалдарын ұғалай пайдалану керектігін меңгеру	кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту	саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	Мақсаты: жол белгілерінің атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	Балаларға сенсорлық тәрбие беру
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	9:15 - 11:10	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қорыққанға қос көрінеді» Мақсаты: Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету.»Г» «К» дыбыстарымен табыныстыру. Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. Математика негіздері: Тақырыбы:10 саны мен цифры. Мақсаты: 10 санының таңбасымен таныстыру. 10 санының құрамын анықтау. Балалардың жылдамдықтарын, ойшылдық, сауаттылық қасиеттерін дамыту. Шығармашылық еңбек етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Билингвальды компонент: он,десять, .	Сауат ашу негіздері. [т] дыбысы және Тт әрпі, әріп таңбасын жазу. Оқу қызметінің мақсаты [т] дыбысы және Т т әрпімен таныстыру. Т т әрпін ауада жазып көрсету. Дыбыстың дұрыс артикуляциясын үйрету. Сөз ішіндегі дыбыстардың жуан, жіңішке, дауысты, дауыссызға бөлінетінін ұғындыру; [т] дыбысы бар сөзді, сөйлемді құрастыру және ойын жаттығулар арқылы бекіту. Жапсыру. Тақырыбы: «Айдарлы әтеш» Мақсаты: Үй құсы саналатын «әтеш» туралы түсініктер беру. Міндеттері: қалдық материалдарды	Орыс тілі Тема «Поспели на дереве» Мақсаты:: Ввести в словарь детей названия фруктов (яблоко, груша, апельсин) Продолжать учить согласовывать прилагательное с существительным в роде и числе Закрепить умения отвечать на вопросы:«Какого цвета?»«Какой по размеру?» Сурет салу. Тақырыбы: «Автобус» (Түрлі түсті қарындаштармен) Түрлі түсті бояудың көмегімен, геометриялық фигураларды пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету, сурет салу дағдыларын қалыптастыру, ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Достыққа,	Өзін -өзі тану. Тақырыбы: «Мен қамқор боламын» Мақсаты: Қамқорлық ұғымының адамгершілік,құндылық ретіндегі мәнін ашу.Міндеттері: Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру Қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту Қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу Сауат ашу негіздері. [т] дыбысы және Тт әрпі, әріп таңбасын жазу. Оқу қызметінің мақсаты [т] дыбысы және Т т әрпімен таныстыру. Т т әрпін ауада жазып көрсету. Дыбыстың дұрыс артикуляциясын үйрету. Сөз ішіндегі дыбыстардың жуан, жіңішке, дауысты, дауыссызға	Жаратылыстану Тақырыбы: «Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?» Мақсаты: Жапырақтардың түсі, көлемі, пішініне сәйкес ажыратуға жаттықтыру. Міндеттері: Білімділік мәні: табиғатты бақылап, өзгерістерін таба білу үйрету. Дамутушылық мәні: ойлау қабілеттерін арттыру. Тәрбиелік мәні: табиғатты аялауға, сүюге тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдер: бақылау, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгіелесу, еңбек іс-әрекеті. Мүсіндеу. Тақырыбы:«үйрек» Мақсаты: кесек ермексиздан үйрек бейнесін мүсіндеуді үйрету; мүсіндеудің

		Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) Қауіпсіз мінез құлық негіздері. Тақырыбы: «Қалай дұрыс тамақтану керек?». Мақсаты: Балаларды дұрыс тамақтану мәдениеті және ережелерімен таныстыру . Күнделікті өмірде дұрыс тамақтану ережелерін сақтауға баулу. Азық түлік сапасын оның түсіне ,ісіне,пішініне қарай ажырата білуді үйрету. Кез келген асты құрметтеуге тәрбиелеу.	пайдаланып, әтеш көрінісін бейнелеу. Қалдық материалдарды пайдаланып жапсыру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күшті, әрі епті боламыз» Мақсаты: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қара- пайым дене жаттығуларымен алмастыру Организмнің төзімділігі мен жат- тыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүкте- мелерді біртіндеп ұдетумен дене жаттығуларын орындау Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру Кеңістікті, уақытты бағдарлауды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану	татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дене бітімін күтеміз» Мақсаты: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қара- пайым дене жаттығуларымен алмастыру Гимнастикалық орындық пен еңіс тақтайдың бойымен жүру кезінде те- пе- теңдікті сақтау . Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция	бөлінетінін ұғындыру; [т] дыбысы бар сөзді, сөйлемді құрастыру және ойын жаттығулар арқылы бекіту. Құрастыру. Ұшақ.ашылығы бар? Мақсаты: Ұшақ.ашылығы бар? Құрылыс материалдар құрастырғыштар арқылы құрастыруға баулу Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	шымшу, басу, тегістеу тәсілдеріне жаттықтыру. Дамытушылық: көркемдік талғамдарын, қиялдарын, ойлау қабілеттерін, саусақ қимылдарын дамыту. Тәрбиелік: ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет. Тақырыбы: Менің ойыншықтарым Мақсаты: Өздеріне ұнаған ойыншыққа зеріттеу жүргізіп (түсі, көлемі, материалы, жасалуына қарай алуан түрлі болатыны), әңгімелеп айтып беруге , ойыншықтардың жекеше , көпше атауларын айтуға үйрету . Балаларды сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу,сөздік қорларын дамыту . Олармен қалай ойнау керектігін түсіндіріп , ұқыптылыққа , ойын барысында ойыншықтарға
--	--	---	--	--	--	---

						ұқыптылықпен , жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу.
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	11:10 - 11:25	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	11:25 - 12:30	Жаңбырды бақылау Бақылау Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатыны туралы түсіндіру (жылы, суық). Жаңбырдан кейін күн салқындайтынын, шалшықтар ақырын кеуіп кетінін атап айту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді есте сақтауға үйрету. Көркем сөз Жау, жау, жаңбыр, Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер көп болсын! Жауған жерің шөп болсын!	Жапырақтардың түсуін бақылау Бақылау Балалар назарын жапырақтардың қызыл, сары, алтын түсті, жасыл- сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аударту. Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың бөліктерін атауға үйрету. Жапырақтар көп мөлшерде немесе аз мөлшерде түсетінін, бұл көрініс жел күшіне байланысты екенін атап айту. Табиғаттың бір құбылысының екінші бір құбылысымен өзара байланысын көруді үйрету; күзгі табиғат әсемдігін қабылдауға үйрету.	Тұманды бақылау Бақылау Балаларға неліктен тұман болатындығын түсіндіру. Тұман қалай пайда болатынын, қашан болатынын, қандай пайда келтіретінін еске түсіру. Екеуі де ұсақ, кішкене су тамшыларынан тұратындықтан бұлттар мен тұман – егіздер. Тұман қалың болғанда айналадағы заттар көрінбейді. Тұман әсіресе, таңертеңгі мезгілде, жер қатты суық болған кезде қалың болады.	Шықты бақылау Бақылау Күзде шықтың жиі түсетінін, оның барлық жерлерде күмістей болып жарқырап жататынын атап айту. Күзде неліктен таңғы мезгілде шық мол түсетінін және ақырындап жоғалып кететінін, ал кей кезде күні бойы сақталатынын балалармен бірге еске түсіру. Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: күн шықты – шық жоғалды. Балалардың эстетикалық қабылдауын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	Аспанды бақылау Бақылау Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Табиғаттың күзгі құбылыстары жайлы балалардың ұғымдарын кеңейту. Байқағыштығын, аңғарымпаздығы н, салыстыра алуын дамыту.
Серуеннен оралу	12:30- 12:40	. Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас	12:40 - 13:10	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				

«Тәтті ұйқы» Күндізгі ұйқыға жатқызу	13:10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
	- 15:10	Ақылды лақ Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Арыстан күшігін асыраған мысық ертегісін оқып беру	Екі қаз,бір бақа. ертегісін оқып беру. -- Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	Адасқан құмырсқа ертегісін оқып беру.	«Ат пен есек» ертегісін оқып беру.
«Ұйқыдан ояну және сергіту» Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар	15:10 - 15:40	1.Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық « Самал жел» - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: «Ф-ф-ф». «Желдің желпуі» - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. «Жел бұлттарды айдайды» - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. 6-7 рет 2.Керует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық. - Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру. - Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. - Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу. Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. 7-8 рет 3.Шынықтыру шарасы. Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру. 4.Демалуды қалыпқа келтіру Демді қалыпқа келтіру. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық!..				

«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралары.Бесін ас.	15:40 - 16:10	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет.	16:10 - 16:40	Әдемі жолдар» Мақсаты: Ойын арқылы ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту. Жай қимылды ойын: «Бағдаршам» Мақсаты:Түстерді ажырата білуге , жолда жүру ережесін есте сақтай білуге үйрету	<u>Вариативтік компонент</u> «Жол тәртібін білейік» Тақырыбы: Мен жаяу жүргіншімін Мақсаты: Жаяу жүргіншілер өткелінен қалай өту керектігі туралы түсініктерін кеңейту. Жаяу жүргінші және жаяу жүргіншілер өткелі сөзінің мағынасын түсіндіру. Баланың зейінін, қабылдауын жетілдіру. Жолдан өту барысында бір-біріне көмек көрсетуге көңіл, ықылас білдіруге тәрбиелеу. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	<u>Вариативтік компонент</u> «Денсаулық әліппесі» Тақырыбы: Күн тәртібі. Мақсаты: Балалардың күн тәртібі туралы білімдерін кеңейту. Күн тәртібін жүйелі орындаудың денаулықты нығайтудағы маңызын түсіндіру. Ұйқының адам денсаулығы үшін маңызы туралы ұғымдарын кеңейту. Ұйқы күн тәртібінің құрамды бөлігі деген түсінік қалыптастыру.	<u>Вариативтік компонент</u> «Жас зерттеушілер» Тақырыбы: Күз алтынын түсіреді Мақсаты:. Табиғатта маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімдерін және көзқарастарын қалыптастыру	Дид-қ ойын: «Менің көшем» (Воскобовичтің дамытушы ойындары) Көрнекілік: ағаштар мен бұталардың суреттері, қылқалам, сулық, су
		«Менің көшем» әңгімелесу Мақсаты: Көше туралы түсініктерін қалыптастыру «Жол полициясы» сюжетті рөлді ойынының Мақсаты:Балалар ды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, алуан түрлі алмастырушы- заттарды қолдануға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Денсаулық үшін гигиеналық шаралардың маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру; (бет орамал,сабын) - жеке заттарын қолдануды үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Қарындашпен сурет салуға үйрету	Психологтың жұмысы: Өзін ортада қалай ұстау жөнінде жұмыс жүргізу.
Кешкі ас	16-40- 17-00	Ас адамның арқауы				
Серуенге дайындық.	17-00- 17-10	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				

		Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары	17-10-18-00 -	« Ақ қоян » Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу	« Қаздар » Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. Керекті құралдар: (сырнай немесе сылдырмақ).	« Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.	« Түлкі мен қаздар» Мақсаты: Түлкі мен қаздың қимылын жасауға, жылдамдыққа баулу.	« Аққу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу.	18-00 18-10	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	18:10 - 18:30	Ата-аналардан сұраныс: «Алтын күздің» тақпағын жаттату	Ата-аналарға кеңес: Балалар көкөніс пен жеміс жегенде ережелерін қатаң сақтау	Көрме: Алтын күз Әр түрлі материялдардан бағдаршам жасап әкелу	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру.	Бірге істейік «Ойыншықтарды жинастыру Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайту

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Кобырова М.У.

ЦИКЛОГРАММА
III-апта (18.10.2021-22.10.2021 ж.)
 Мектепалды даярлық «Бұлбұл» тобы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
Тақырыпша: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 18.10.2021ж	Сейсенбі 19.10.2021ж	Сәрсенбі 20.10.2021ж	Бейсенбі 21.10.2021ж	Жұма 22.10.2021ж
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру	8:00	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	-					
	8:45	Шуағын шашады, Күн шықса жиектен. Жылу алып нұрынан Денсаулықты түлеткем, Денсаулық - ол күлуің, Көңіл - күйің жадырай, Денсаулық - ол жүруің, Ешбір жерің ауырмай.	Денің сау болсын десең... 1. Топқа таза ауа молынан кірсін, күннің сәулесі (шуағы) кіріп тұрсын. Сау болу үшін таза ауа, күннің шуағы өте керек екенін ұмытпа. 2. Тұла бойыңды, ең болмағанда мойныңды, көкірегіңді, арқанды күнде салқын сумен жуып тұр. Дененді таза ұста. Жұмасына бір рет жылы суға шомылып тұр.	Дидактикалық ойын. Баян қуыршақ түстенеді. Мақсаты: Балалардың асхана ыдыстары жайындағы мағлұматын бекіту, сөйлеу қабілетін дамыту; Тамақтану кезіндегі мәдени тәртіпке, қуыршаққа деген мейірімді қатынасқа тәрбиелеу.	«Затты сипаттай отырып тап» Дидактикалық міндет. Затты өзіне тән басты ерекшелігіне қарап табуға тәрбиелеу; байқағыштық, тапқырлық қабілеттерін дамыту; балаларды затты атамастан сипаттауға үйрету; төзімділікке баулу.	«Тамақтану мәдениеті». Мақсаты: Дастархан басында әдептілік сақтау, өзін-өзі ұстау мәдениетін ұқтыру, ретсіз тамақтанудың зияндылығын меңгерту, гигиеналық ережелерді күнделікті сақтауға баулу.
		Таңертеңгі жаттығулар кешені №3 Құралсыз 5-6мин Мақсаты: Балалардың дене дамуын шынықтыру.				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	8:45 - 9-10	Ойын- жаттығу Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай бөбектер Үлкен болып өседі. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу Бата: Асқа адалдық,				

		Басқа амандық Денге саулық берсін! Аумин !				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	9:10	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	- 9:15	«Бағдаршамды құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту	«Танып ал да, атын ата» Мақсаты: жол белгілерінің атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	«Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдірін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру.	«Не жоқ?» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	«Сикырлы қапшық» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	9:15 - 11:10	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Отбасының күзгі еңбегі. Мақсаты: 1. Аулада, бау – бақшада, жасалаттын еңбек түрлерімен таныстыру. 2. Құралдар жайлы, еңбек түрлері жайлы білімдерін дамыту. 3. Адам еңбегін, жалпы еңбекті бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Көрнекіліктер: Суреттер, құралдар, жұмбақ, мақал – мәтел, слайд. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы Математика негіздері:	Сауат ашу негіздері. тақырыбы: « [т] дыбысы және Тт әрпін қайталау, әріп таңбасын жазуды қайталау Оқу қызметінің мақсаты Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну. Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажырату және дұрыс дыбыстау. Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу. Жапсыру.	Сурет салу. Тақырыбы: « Бидай масақтары » Мақсаты: Бидайды бейнелеуді үйрету, эстетикалық тәрбие беру, табиғатты сүйеге тәрбиелеу, ас атасынанның арғы тегі бидай екенін ұғындыру. Орыс тілі. Тақырыбы: Что растет в лесу Цель: Формировать экологические представления дошкольников Задачи: <u>Образовательные</u> Дать детям первоначальные понятия о лесе: в лесу растёт много разных деревьев, кустарников, растут	Өзін -өзі тану. Тақырыбы: « Мен осындай адаммын» Мақсаты: Жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру. Міндеттері: Бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту Адамгершілікке тәрбиелеу Жаратылыстану. Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? Мақсаты: Барлық ағаштардың жапырақтары неліктен түсетінін түсіндіру және балаларды табиғатты аялауға , еңбекке баулуға үйрету	Мүсіндеу. Тақырыбы: «Қоян бауырсақты кездестірді.» Мақсаты: Слайдтағы суреттер бойынша ертегілерді еске түсіріп, тұзды қамырдан бауырсақтың қалай жасалатынын түсіндіру. Мүсіндеу әдіс - тәсілдерін пайдалану арқылы алақан арасына салып дөңгелектеу. Қолдың, алақанның ұсақ саусақ бұлшық еттерін жетілдіру. Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық» Мақсаты: Театр әлемінде ертегінің

		Тақырыбы: «Заттарды өлшемі бойынша салыстыру» Мақсаты: Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу, оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыру. Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	«Түлкі» Мақсаты: жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту; жапсыруда бірнеше бөліктерден бейнелерді суреттеуге баулу; түстердің тану білімін тексеру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Жануарларды қорғауға тәрбиелеу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Топтағы достарым» Мақсаты: Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта тұзу жүру түрлерін орындау. Секірудің әртүрлі түрлерін орын- дау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгерме- лі жағдайлардағы секірулер. Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру. Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға такти- калық көмек көрсету.	ягоды и грибы. Осенью листва на деревьях желтеет и краснеет, в лесу всегда тень и прохладно. <u>Развивающие:</u> Познакомить детей с произведениями искусства - картинами и репродукциями, изображающие осенний лес: замечать красоту природы, Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз достармен ойнаймыз» Мақсаты: Организмнің төзімділігі мен жат- тыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүкте- мelerді біртіндеп үдетумен дене жаттығу- ларын орындау. Жүру мен жүгірудің негізгі түр- лерін орындау, оларды алмастыру, қара- пайым дене жаттығуларымен алмастыру. Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру. Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция. Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану.	Сауат ашу негіздері. [н] дыбысы және Нн әрпі, әріп таңбасын жазу. Мақсаты: Оқу қызметінің мақсаты Н н әрпімен таныстыру, Н н әрпінің таңбасын жазуды үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйрету, сөзді буынға бөліп оқуға дағдыландыру. Балаларға [н] дыбысын артикуляциясына сай дұрыс дыбыстауды үйрету. Дәптермен жұмыс істеуін жетілдіру. Әдемі, таза жазуға тәрбиелеу. Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	киіпкерлерінің рөлін сұмдауға баулу Дене шынықтыру Тақырыбы:» Біз – ортақ бір отбасы» Мақсаты: . Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта тұзу жүру түрлерін орындау. Секірудің әртүрлі түрлерін орын- дау, тепе- теңдікті сақтай отырып өзгерме- лі жағдайлардағы секірулер. Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау. . Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен соғу, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергі- ден лақтыру. Түрлі спорттық ҰОҚ-ға қажетті ресурстарды анықтап, оларды қауіпсіздік техникасына сәйкес қолдану.
--	--	--	---	--	---	---

«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	11:10- 11:25	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	11:25 - 12:30	Күзгі өрмектің ұшуын бақылау <i>Бақылау</i> Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады. Желсіз ашық күндері бұталарға, шөптерге, шарбақтарға ілінген өрмек жіпшелерінен олардың жас қожайындары – кішкене өрмекшілерді көреміз. Өрмекші ұшуға дайындалғанын түсіндіру, өрмекші сабақтың басына шығады да қарнын оған қысады, өрмек сүйелшелерінен жіңішке өрмек шығады, ал оны жылы ауа жоғары көтеріп алып кетеді. Өрмекші ауада жіппен қозғалып, оны жоғары көтереді, төмен түсіреді. Өрмекшілер осылайша қоныстанады. <i>Көркем сөз</i>	Топырақты бақылау. <i>Бақылау</i> Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады. Жаңбырлы күні ол кара түсті, тығыз, ылғалды болады. Алғашқы суық түсісімен топырақ тас сияқты болып қатып қалады. Балаларды топырақтың ауа райына байланысты өзгертінін көруге үйрету. Ойлай алуын, талқылай алуын, дәлелдей алуын дамыту; туған жерге ұқыптылық қатынасын тәрбиелеу.	Алғашқы суық түскенін бақылау <i>Бақылау</i> <i>Жерге алғашқы қыраудың түсуі – күз белгісі екеніне</i> балалардың көңілін аудару. Таңертеңгілік жер, үй шатырлары күмістей аппақ болады. Күн суытып аяз күшіне ене бастады. Өзендер мен көлдердің бетіне мұз қатты. Мұз үстімен жүруге болатындай көрінеді, бірақ мұздың үстін аяқпен басқан сәтте - ақ ойылып ішіне түсіп кетеді.	Тоғанды бақылау <i>Бақылау</i> Балаларға тоғанның күзгі жағдайы туралы, өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болды - ратын себептер жайлы түсініктер беру. Тоғанның күзгі және жазғы жағ -дайын салыстыру; суда болатын тіршілік иелерін атау. Байқағыштығын дамыту. Туған табиғаттың әсемдігіне сүйсіне білуге тәрбиелеу. Өзендегі су суық екенін, су өсімдіктері өзен түбіне кеткенін, бақалардың көрінбейтіндігін айтып өту. Кей кезде ғана тегіс су бетінде көпіршіктер көрініп қалады. Бұл кішкене аш балықтар олар суға шегіртке, әлде маса қона ма деп күтіп жүр.	Шалшықтарды бақылау <i>Бақылау</i> Балалар назарын таңертеңгілік шалшықтардың бетін мұз жабатынына аударту. Осы жағдайда судың қандай күйде екенін еске түсіру (қатты). Мұздың қасиетін анықтау (суық, сусымалы, мөлдір, жылы болса ериді). Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: түнде аяз болды, шалшықтардағы сулар қатты, күндіз күн жылынды – мұз ериді. Танымдық қызығушылықтарын дамыту, тұрақты көңіл қоюын, байқағыштығын тәрбиелеу

Серуеннен оралу	12:3-12:40	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас	12:40 - 13:10	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
«Тәтті ұйқы» Күндізгі ұйқыға жатқызу	13:10 - 15:10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
		Екі әтеш Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Мақтаншақ қоян ертегісін оқып беру	«Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беру.	Гул ертегісін оқып беру. - Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	Айлакер түлкі. ертегісін оқып беру.
«Ұйқыдан ояну және сергіту» Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойында р	15:10 - 15:40	1.Керуеттегі жаттығулар Ояну жаттығу. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) - «Күн оянады» - арқада жатып. Шынтаққа көтерілу, басты оңға –солға бұру. - «Күн оянады» - арқада жатып. Тізені қолмен құшақтау, оңға солға бұралу. - «Күншуақты жаттығу» - арқада жатып. Алдымен қолды, содан соң аяқты жоғары –төмен көтереді. - «Күн көтеріледі» - іште жатып, қолдары шынтағынан бүгілген. Аяқты төсектен көтермей, түзу қолдарына көтерілу. - «Мен – үлкен күнмін» - төсек жанында тұрып. Қолдарын айналдырып көтеру, керілу, өкшеге тұру. 6-7 рет 2.Керует жанындағы жаттығулар «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді. Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. Төмен, төмен, төменге - балалар тізе бүгіп отырады, басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. Керемет, керемет - Балалар тұрып алақан соғады. Күлімдейді күн. Қол белде, оңға-солға бұрылу. 7-8 рет 3.Шынықтыру шарасы. Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз.				

		Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру. 4.Демалуды қалыпқа келтіру Тыныс алу жаттығу. Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах.				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралары.Бесін ас.	15:40-16:10	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет.	16:10 - 16:40	Тіл ұстарту жаттығуы Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау	<u>Вариативтік компонент</u> <u>«Жол тәртібін білейік»</u> Тақырыбы: Бөтен автокөлік Мақсаты: Балаға бейтаныс адамның автокөлігіне отырмау керектігі, жүргізушімен сөйлеспеу керектігін түсіндіру. Егерде күштеп автокөлікке отырғызғысы келсе қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	<u>Вариативтік компонент</u> <u>«Денсаулық әліппесі»</u> Тақырыбы: «Бақыттымын» Мақсаты: Балаларға адам денесінің құрылысын көрсету. Адамдардың бір-бірінен айырмашылығы болатынын түсіндіру. Балаларды дұрыс қозғалуға, бұлшықетін, буындарын созылудан, сынудан, шығарып алудан сақтануға үйрету. Бұлшықетін, сүйектерін қатайту, іскерлік бөлімдерін қалыптастыру. Баларға жүйке және мидың маңызы туралы мәліметтер беру.	<u>Вариативтік компонент</u> <u>«Жас зерттеушілер»</u> Тақырыбы: Тірі табиғат Мақсаты:. Бала табиғат әлемінің бірбөлігі екен сезімін қалыптастыру. Тірі табиғаттың физикалық жағына қызығушылықтарын арттыру	Көшедегі қауіпсіздік» әңгімелесу Мақсаты:Көшеде дұрыс жүру тәртібін білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып, олардың жүрісін сал» Мақсаты:Ертегі кейіпкерлерін тануға тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына		«Менің көшем» құрылыс ойыны	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Денені жалпы дамытушы жаттығуларды	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Қағаз бетіне бояулармен	«Аспазшы» сюжетті-рөлдік ойынының Мақсаты: Азық-түлік

сәйкес жеке жұмыстар.		Мақсаты: Балалардың ой қиялын дамыту.	орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдап жаттығулардың орындауға үйрету	Қалауларын, сезімдерін, ойларын білдіретін сөздерді қолдануға,қалыпқа келтіру	штрихтар, жақпалар, сызықтар бейнелерді жасауға ынталандыру	өнеркісібінің қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін нақтылау
Кешкі ас	16-40-17-00	Ас адавмның арқауы				
Серуенге дайындық.	17-00-17-10	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары	17-10-18-00 -	« Қарағайлы ормандағы аю » Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке тәрбиелеу	« Аюлар мен аралар » Ойын мазмұны: Омарта алаңның бір жағында болады. Бір шетте аюдың, араның үңгірі.	« Бақалар » Мақсаты: Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды.	« Құстар мен мысық » Мақсаты: Жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала болып тұрады.	« Қара құлақ » Мақсаты: Ойынға 5-10 бала қатысады. Оңаша жерге топтасады.
Серуеннен оралу.	18-00-18-10	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	18:10 - 18:30	Ата аналармен балалардың тәртібі жөнінде сөйлесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата аналармен алдағы күз мерекесі туралы әңгімелесу.	Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы әңгімелесу.	Ата аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: _Бакытова Ш.У

ЦИКЛОГРАММА
IV-апта (25.10.2021-29.10.2021 ж.)
 Мектепалды даярлық «Бұлбұл» тобы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
Тақырыпша: Алтын күз

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 25.10.2021ж	Сейсенбі 26.10.2021ж	Сәрсенбі 27.10.2021ж	Бейсенбі 28.10.2021ж	Жұма 29.10.2021ж
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру	8:00	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Алтын күз туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	8:45					
		«Кім жылдам?» Ойынның мақсаты: шапшандыққа, жылдамдыққа үйенеді . Шашылып жатқан көкністер мен жемістерді екі себетке жинайды	«Қолшатыр» Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады	«Танып ал да, атын ата» Мақсаты: жапырақтардың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	«Ажырат» Ойынның мақсаты: киімдерді ажырата білуді үйренеді. Күзгі киімді көк, жазғы киімді сары сөмкеге салу керек.	«Түрлі түсті жапырақтарды тізу» Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету
		Таңертеңгі жаттығулар кешені №4.Құралмен Мақсаты: Қимы- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	8:45 - 9-10	Ойын- жаттығу Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір. Жаттығу жасаймын. Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ , сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу Бата: Асқа адалдық, Басқа амандық Денге саулық берсін! Аумин !				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	9:10	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	- 9:15	«Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Балаларға кез-келген табиғат құбылыстарының кесілген суреттер таратылады да, осы	«Жемістерді жина» Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды	«Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету.	«Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру,	«Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету

		суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі	дамыту		түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту	
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	9:15 - 11:10	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: 3-С дыбыстары . «Күзгі жапырақтар» Қ.Шаңғытбаев (жаттау) Мақсаты: Балаларға дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы ұғым беру. Сөздегі бастапқа дыбысты және сөз ішінде дыбыстың (3-С) орнын табуға үйрету. Дыбыс туралы қызықты әңгіме мен жаттығу жұмыстары арқылы 3 және С дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Өлеңмен танысу және оны жаттау. Мәнерлеп айтуға, дұрыс дыбыстауға баулу. Көрнекіліктер: күз суреттері, өлең мәтіні, көк және қызыл текшелер. Әдіс - тәсілдер: оқу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету. Математика негіздері: Заттарды өлшемі бойынша салыстыру	Сауат ашу негіздері. [н] дыбысы және Нн әрпі, әріп таңбасын жазу. Мақсаты: Оқу қызметінің мақсаты Н н әрпімен таныстыру, Н н әрпінің таңбасын жазуды үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйрету, сөзді буынға бөліп оқуға дағдыландыру. Балаларға [н] дыбысын артикуляциясына сай дұрыс дыбыстауды үйрету. Дәптермен жұмыс істеуін жетілдіру. Әдемі, таза жазуға тәрбиелеу. Жапсыру. Тақырыбы: «Айдарлы әтеш» Мақсаты: әтештің жасалу бөлшектерін ретімен үйлестіріп орналастыруға үйрету;үй құстарын	Орыс тілі. Тема: « Моя семья» Цель: Учить называть на русском языке членов семьи, использовать в речи обобщающее слово « семья» и притяжательные прилагательные, формировать умения составлять предложения по картине. Оборудование: сюжетная картина «Семья», мяч, материал к п/г, предметные картинки. Сурет салу. Тақырыбы: «Құмған» Мақсаты Мақсаты: 1) Құмған туралы білімдерін жетілдіру,құмғанды сала білуге үйрету. 2)Сурет салу дағдыларын дамыту. 3) Өз халқының қолөнерінедеген	Өзін -өзі тану. Тақырыбы : «Менің туыстарым» Мақсаты: Өзара сыйластық ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру Міндеттері: Туыс,туысқан ұғымы жайлы түсінік беру Өзара сыйластыққа тәрбиелеу Сауат ашу негіздері. н] дыбысы және Нн әрпін қайталау, әріп таңбасын жазуды қайталау. Оқу қызметінің мақсаты [н] дыбысын, Н н әрпінің таңбасын жазуды қайталау, сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауды үйрету. Суретке қарап, ойдан сөйлем құрауға, әдемі, көркем жазуға дағдыландыру.	Жаратылыстану «Жыл құстары» Мақсаты : Құстар туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, оларды елеулі белгілері бойынша ажыратуға үйрету. Қыстайтын құстарды (қарға, торғай, шымшық) және жыл құстарын топтастыру (қарлығаш, ұзақ,үйрек,қараторғай) , қоректі табу мүмкіндіктерімен олардың сипаты арасында байланысты орнату. Қорек, жыл құстары, қыстайтын құстар сөздерін енгізу арқылы сөздікті байыту. Мүсіндеу. Тақырыбы: «Биші Әйгерім» Мақсаты: Білімдік: ойыншықтардың әр түрін мүсіндеуге, жеке

		Мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыру Жаттықтыру Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) Қауіпсіздік ережелері Тақырыбы. «Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері» Мақсаты: Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері мен таныстыру. Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	деген қамқорлық сезімдерін ояту: ойлауын, қиялын дамыту: ұқыптылыққа, әділдікке тәрбиелеу. Құралы: үлгі сурет, үлестірмелі материалдар, қайшы, желім Дене шынықтыру Тақырыбы: «Досынды се-німді қимыл-дауға үйрет» Мақсаты: . Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүкте-мелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығу-ларын орындау Секірудің әртүрлі түрлерін орын-дау, өзгермелі жағдайлардағы секірулер Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау Түрлі спорттық ҰОҚ-ға қажетті ресурстарды анықтап, оларды қауіпсіздік техникасына сәйкес қолдану	сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Хайуанаттар бағы» Мақсаты: Заттармен және заттарсыз жалпы нығайтушы жаттығуларды орындау Секірудің әртүрлі түрлерін орын-дау, өзгермелі жағдайлардағы секірулер Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану	Күнбағыс туралы білімдерін кеңейту. Артикуляциялық жаттығулар жасап, дыбыстарды дұрыс дыбыстауға, тілдік қорларын молайту Құрастыру «Төбешіктер» Мақсаты: Төбешіктер, құрастырғыштар арқылы құрастыруға баулу. Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету. Дамытушылық: бала лардың ойлау қабілетін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту. Тәрбиелік: ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: әртүрлі қимыл-қозғалыстағы адамдар бейнесінің сызба суреттері, қуыршақтар. Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Әдептілік әлемі» Тақырыбы: «Әдептілік әлемі» Мақсаты: Балаларды адамдардың арасындағы қарым-қатынас нормалары және қоғамдық жүріс-тұрыс ережелерімен танысуды жалғастыру, сыпайлықтың қарапайым әдеттерін тәрбиелеу.
--	--	---	---	--	--	--

						Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу. Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер. Сөздік жұмыс: әдептілік, сәлеметсіз бе, сау болыңыз Арттыру Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Көшедегі қауіпсіздік» Мақсаты: Көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйрету. Қоғамдық және жеке көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтар туралы түсініктерін кеңейту.
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	11:10 - 11:25	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	11:25 - 12:30	Көбелектерді бақылау <i>Бақылау</i> Көбелектердің сыртқы тұрпаты, қозғалыс тәсілі, қоректенуі жайлы балалардың білімдерін бекіту. Жазда көбелектердің	Гүлзардағы гүлдерді бақылау (астра, ирис, календула, космея, георгина) <i>Бақылау</i> Гүл атауларын есте сақтату. Балалар назарын гүлдердің	Құмырысқаларды бақылау <i>Бақылау</i> Құмырсақалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлері, өзара қарым-	Кіші топтағы балалардың ойындарын бақылау <i>Бақылау</i> Ересек топтың балаларын кіші	Бақшада өнім жинауды бақылау <i>Бақылау</i> Қыркүйек айында бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар

		көп болатынын еске түсіру. Олардың енді аз қалғанын атап өту. Неліктен? (Ауа температурасы төмендейді – жәндіктер тығылады). Балаларды жәндіктерге зиян келтірмеуге үйрету, сонымен қатар жердегі барлық тіршілік иелерінің әсемдігін көріп қуана білуге үйрету.	көбісінің гүлдеп болғанына аудару. Жазда қандай гүлдер гүлдегенін, олардың қаншалықты көп болғандығын еске түсіру (астра, ирис, календула, космея, георгина). Гүлдер азайып жатыр, ал жемістер саны көбейіп жатыр. Балаларға арыстанның есінеуі (львиный зев), ақкекіре (астра), настурция сияқты өсімдіктердің тек бір жаз ғана өсетінін және гүлдейтінін түсіндіру – оларды біржылдық өсімдіктер дейді. Басқа өсімдіктер көпжылдық – ирис, алтын шар (золотой шар), лилия; олардың тамырлары топырақта қыстайды	қатынастары туралы оқушылардың білімдерін анықтау, құмырысқалардың бір уақыттары азайып қалатынына көңіл аудару, олар жылуды сақтау үшін илеулеріне терең бойлай тығылады да кірер бетін жауып алады. Сонымен қатар, күзде олар ұзақ мезгіл – қысқа дайындалатынын жете түсіндіру.	жастағы балалармен араласа білуге үйрету, олардың ісіне, ойындарына қызығушылық таныту. Балаларға балабақшада жас ерекшеліктері бойынша олардан да кіші жастағы балалар бар екенін айту, ескерту. Кішкентай бүлдіршіндердің жоғары топтағы балаларға қарағанда аз білетінін, оларға көмектесу керек екенін түсіндіру.	үсіп кетуі мүмкін. Балалармен өнімді жинағанға дейін бақшаны қарап шығу. Балалар түптерді қарай отырып, қазылмаған көкөніс орындарын біледі. Балаларға өнімнің мол екендігін айтып, жаз бойғы еңбектерінің зая кетпегенін баяндау (суару, жерді қопсыту). Көкөніс өте бітік (жақсы) шыққан; өнім күтімге байланысты болады. Кейбір көкөністердің (қияр, қызанақ, кәді) суық түскенше жиналатынын түсіндіру.
Серуеннен оралу	12:30 - 12:40	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
